

## Орыс тілі мен әдебиеті онкүндігі бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есеп

Мектебімізде 23 ақпан – 6 наурыз аралығында орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша «Орыс тілін сүй, біл және бағала» атты онкүндік өткізілді. Онкүндіктің негізгі мақсаты – оқушылардың орыс тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тіл мәдениетін қалыптастыру және білімдерін тереңдету.

Онкүндік жоспарына сәйкес әртүрлі танымдық, тәрбиелік және шығармашылық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

23 ақпан күні онкүндіктің «Люби, знай и цени русский язык!» ұранымен салтанатты ашылуы өтті. Орыс тілі – тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Бұл – бай мәдениеттің, терең әдебиеттің, даналық ойлар мен көркем сөздің тілі.

Тіл арқылы біз әлемді танимыз, сезімімізді білдіреміз, білімімізбен бөлісеміз және мәдени мұрамызды сақтаймыз.

Орыс тілі түрлі ұлт өкілдерін біріктіріп, бір-бірін жақсы түсінуге көмектеседі, сондай-ақ классикалық және қазіргі әдебиет әлеміне жол ашады. Осы онкүндік барысында сіздерді қызықты байқаулар, викториналар, шығармашылық тапсырмалар және кітап пен сөзге арналған кездесулер күтеді.

Бұл күндер әрқайсыңызға орыс тілін одан әрі жақсы көруге, оның байлығын тереңірек тануға және сөз құдіретін бағалауға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Ашылу барысында оқушыларға арналған қызықты викториналар мен ойындар ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысып, өз білімдерін көрсетті. Іс-шараны Кусаинова Б.Т. және Куттыбаева Б.Е. өткізді.



[https://www.instagram.com/p/DV0n6-GCDD9/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DV0n6-GCDD9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

24 ақпан күні 8–10 сынып оқушылары арасында «Көңілді үзіліс» ұйымдастырылды. Үзіліс барысында түрлі тілдік ойындар, жұмбақтар мен тапсырмалар берілді. Бұл іс-шара оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырды.

25 ақпан күні 8 «Ә» сыныбында Құттыбаева Б.Е. «Культура питания» және «Национальная еда» тақырыптарында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың тақырып бойынша сөздік қорын байыту, дұрыс тамақтану мәдениеті туралы түсініктерін қалыптастыру, мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту және өз ойларын еркін, жүйелі жеткізе білуге үйрету болды. Сонымен қатар оқушыларды топтық, жұптық және жеке жұмыс арқылы өзара ынтымақтастыққа, жауапкершілікке баулу көзделді.

Сабақ барысында оқушылар мәтінмен жұмыс жасап, негізгі ойды анықтап, сұрақтарға жауап берді. Топтық, жұптық және жеке жұмыстар ұйымдастырылып, әртүрлі тапсырмалар орындалды. Оқушылар берілген тапсырмалар арқылы өз ойларын еркін жеткізіп, пікір алмасып, белсенділік танытты.

Сабақ жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың тілдік дағдылары дамытылып, қойылған мақсаттарға қол жеткізілді.



[https://www.instagram.com/p/DV0nxWkiA6A/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DV0nxWkiA6A/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

26 ақпан күні 6 «Ә» сыныбында Кусаинова Б.Т. Ганс Христиан Андерсеннің «Снежная королева» шығармасы тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың мәтінді түсіну дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, сондай-ақ топтық және жұптық жұмыс арқылы ынтымақтастыққа баулу болды.

Сабақ барысында оқушылар ұлттық тағам түрлері туралы мәлімет беріп, берілген тапсырмалар негізінде диалогтар құрастырды. Сонымен қатар топтық және жұптық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар бірлесе отырып тапсырмаларды талқылап, белсенді түрде орындады.

Оқушылар сабаққа қызығушылықпен қатысып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Ашық сабақ жоғары деңгейде өтіп, қойылған мақсатқа жетті.



27 ақпан күні 5–11 сыныптар арасында «Как мы знаем русский язык и литературу?» тақырыбында қабырға газеттері байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты – оқушылардың орыс тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығын арттыру, білімдерін тереңдету және шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Іс-шара барысында оқушылар топпен және жеке жұмыс жасап, мазмұнды, көркем безендірілген қабырға газеттерін ұсынды. Газеттерде орыс тілі мен әдебиетіне қатысты қызықты мәліметтер, көрнекті ақын-жазушылар туралы ақпараттар, дәйексөздер мен иллюстрациялар қамтылды.

Қатысушылар өз жұмыстарын қорғап, тақырыпты жан-жақты аша білді. Қазылар алқасы жұмыстардың мазмұнына, безендірілуіне және шығармашылық ерекшелігіне ерекше назар аударды.

Байқау қорытындысы бойынша үздік жұмыстар анықталып, оқушылар марапатталды. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға өз үлесін қосты.

2 наурыз күні 3–4 сынып оқушылары арасында «Мое любимое стихотворение» атты жас мәнерлеп оқушылар байқауы өтті. Байқаудың мақсаты – оқушылардың көркем сөзге деген қызығушылығын арттыру, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту және шығармашылық қабілеттерін шыңдау болды.

Іс-шара барысында қатысушылар өздерінің сүйікті өлеңдерін мәнерлеп, әсерлі түрде оқып, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Әр оқушы сахнада өзін еркін ұстап, дауыс ырғағы мен интонацияны дұрыс қолдануға тырысты.

Байқау қорытындысы бойынша үздік өнер көрсеткен оқушылар марапатталып, алғыс хаттар мен мадақтамалар табысталды. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті.



[https://www.instagram.com/p/DV0nlLmCCxE/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/p/DV0nlLmCCxE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==)

3 наурыз күні 5 «А» және 5 «Ә» сынып оқушылары арасында «Зеректер мен білгірлер» атты зияткерлік-танымдық ойын өткізілді. Ойын барысында оқушылар әртүрлі сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсетті.

4 наурыз күні 2–3 сынып оқушылары арасында «Ертегілер әлемінде» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар ертегі кейіпкерлерін бейнелеп, шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

5 наурыз күні 9 «А» сыныбында «Бақытты сәт» атты сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Оқушылар әртүрлі ойындар мен тапсырмаларға қатысып, белсенділік танытты.

6 наурыз күні онкүндіктің жабылу салтанаты өтті. «Жетістік шыңы» атты мерекелік жиын барысында онкүндікке белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, грамоталар табысталды.

Қорытындылай келе, орыс тілі мен әдебиеті онкүндігі жоспарға сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына толықтай жетті. Өткізілген барлық іс-шаралар мазмұнды әрі тартымды болып, оқушылардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылды.

Онкүндік аясында түрлі байқаулар, ашық сабақтар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар өз білімдері мен қабілеттерін жан-жақты көрсете алды. Атап айтқанда, мәнерлеп оқу, қабырға газеттерін дайындау, топтық, жұптық және жеке жұмыстар арқылы оқушылардың тілдік дағдылары, ойлау қабілеті және шығармашылық белсенділігі артты.

Сонымен қатар, іс-шаралар барысында оқушылардың орыс тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығы артып, өз ойын еркін жеткізуге, пікір алмасуға дағдыланды.

Мұғалімдердің тиімді ұйымдастырылған жұмысы мен оқушылардың ынтық нәтижесінде онкүндік жоғары деңгейде өтіп, білім сапасын арттыруға оң әсерін тигізді.

**ДОҒЖО**

**Кошекбаева Г.А.**